

Консультация бойынша есеп беру

1. Маңғыстау облысындағы Бейнеу, Маңғыстау және Қарақия аудандарындағы адай жылқыларын зерттеу барысында көптеген мәліметтерге мән берілді. Зерттеу барысында 300 бас адай жылқыларының экстерьер белгілері бойынша бағалау жүргізіліп, сипаттама берілді. Зерттеу барысында адай жылқыларының бас мөлшері кішкене және орташа келетінін байқалды, сонымен бірге бас профилі көбінесе тура, аракідік ішке кіріңкі, мойын ұзындығы орташа және жіңішке, мойынның шығуы орташа және аракідік жоғары келеді, шоқтығының биіктігі төмен, арқасы кең, ұзын емес орташа, белі қысқа, сауырының еңістігі орташа, пішіні көбінесе домалақ, аракідік түсіңкі келеді, бірақ кейбіреуінде сауыры биік, жақсы жетілгені бар. Кеудесінің тереңдігі көбісінде терең емес және орташа. Терең кеуделі жылқылар жұмыр, шаршы көлемді болып келеді. Тұяқтары кішкене, әрі жұмыр.



Суретте Қойшиев Азамат Сисенұлы, Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының тұрғыны, «Бірлік Сүлмінтұмсық» ШҚ басшысы

2. Зерттеуші А.Иманғалиевтың деректері бойынша адай жылқыларының төлдері постэмбриональды кезеңде жалпақ сүйектері жедел өседі, мұның өзі адай жылқылары жасына қарай дене бітімі тез өзгеретінін айтады. Ересек жылқыларының дене бітімі кең денелі, бірақ бойы тапал келеді. Төлдері үш жасқа келгенде ата-енесінің дене өлшемдерінің 93,2-98,7%-ын құрайды.

Тірілей салмақтары тек қана дене бітімін сипаттамайды, сонымен қатар, ет енімділігінің тікелей көрсеткіштерін білдіреді. Өмірінің бірінші айында тірілей салмағы екі есеге көбейеді. Туғаннан бастап 12 айлыққа дейін төлдерінің жақсы жетілетініне қарап, енелерінің сүтті келетінін көруге болады.

Адай жылқыларының шаруашылық пісіп жетілуі үш жасында байқалады. Осы жастан бастап, оларды жұмысқа пайдалануға немесе одан әрі көбеюге пайдалануға болады.

3. Адай жылқысы өзінің жоғары жұмысқабілеттілігімен ерекшеленеді. Оларды көбінесе тәуліктік шабыста көп зерттеді. Сынақ нәтижелері бойынша адай жылқыларының ұшқырлығы жоғары екені байқалды. Атап өтетіні, 1 км-ге есептегендегі ұшқырлығы, алыс қашықтықтағы шамасымен парапар келеді – деп жазады зерттеуші.

4. Консультация барысында адай жылқысын өсіруші бұл жылқы тұқымының Маңғыстау өңірі үшін ең негізгі тұқым екеніне көз жеткізді. Сонымен қатар, жылқы өсіруші адай жылқысының қазіргі таңда тектік қорын сақтап қалуға атсалысатынын білдірді.